

Бекітілді:
Ұлттық жобалардың іске
асырылуын мониторингтеу
офисінің Басшысы
Оразов Ә. Ш.
2022 жылғы «19» тамыз



Qazaqstan Project Management Awards

**«Qazaqstan Project Management Awards 2022» жобалық
менеджментті жетілдіру жөніндегі ұлттық конкурсты
өткізу туралы**
ЕРЕЖЕ

Нұр-Сұлтан, 2022 жыл

Мазмұны

Терминдер мен қысқартулар.....	3
1. Конкурстың миссиясы, мақсаты мен міндеттері.....	4
2. Конкурстың мәртебесі.....	5
3. Конкурстың форумы.....	5
4. Конкурсты ұйымдастырушы.....	5
5. Конкурстың жұмыс органдары.....	6
5.1. Конкурстың Ұйымдастыру комитеті.....	6
5.2. Конкурстың қазылар алқасы.....	6
6. Конкурсқа қатысу шарттары.....	7
7. Конкурсты өткізу мерзімдері мен кезеңдері.....	8
8. Конкурсқа қатысу рәсімі.....	8
9. Конкурсты қаржыландыру.....	8
10. Конкурстың номинациялары.....	9
11. Конкурстың жеңімпаздарын анықтау үшін пайдаланылатын бағалау әдістемелері.....	10
12. Конкурсқа қатысу үшін жұмыстарды қабылдауға және тіркеуге қойылатын талаптар.....	11
13. Конкурстың қорытындысын шығару. Конкурстың жеңімпаздарын марапаттау.....	12
14. Қорытынды ережелер.....	12

Терминдер мен қысқартулар

Қысқартулар мен аббревиатуралардың тізімі:

МБА – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы;

МБЖМДО – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік басқарудағы жобалық менеджментті дамыту орталығы;

КЖК – Конкурстың жобалық кеңсесі;

ОМО – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары;

ЖАО – Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары;

ФОРУМ – қарым-қатынас жасау және пікірлермен, тәжірибемен және алған сабақтармен бөлісу үшін ұйымдастырылған іс-шара/интерактивті пікірталас кеңістігі. Аталған іс-шарада Конкурстың жеңімпаздарын жариялаудың салтанатты рәсімі өткізіледі.

1. Конкурстың миссиясы, мақсаты мен міндеттері

1.1. Осы Ереже мемлекеттік басқарудағы, квазимемлекеттік сектордағы, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес қоғамдастықтар және жоғары оқу орындары арасындағы жобалық қызметті кәсіби басқарудың «Qazaqstan Project Management Awards —2022» ұлттық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру, өткізу және оның қорытындыларын шығару қағидаларын белгілейді.

1.2. Осы ереже мыналарды айқындайды:

1.2.1. Конкурстың жалпы параметрлерін;

1.2.2. Конкурстың номинацияларын;

1.2.3. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарды;

1.2.4. Конкурсты өткізу мерзімдері мен кезеңдерін;

1.2.5. Конкурстық өтінімдер мен есептерді ұсыну және қарау тәртібін;

1.2.6. Конкурстық өтінімдерге бағалау жүргізу қағидаларын;

1.2.7. Конкурсты бюджеттеу және қаржыландыру қағидаларын;

1.2.8. Конкурстың қорытындылары мен ұсыныстарын;

1.2.9. Конкурс қорытындысы бойынша есепке қойылатын талаптарды.

1.3. Конкурстың миссиясы – еліміздің одан әрі экономикалық өркендеуі мақсатында жобаларды басқару мәдениетін қалыптастыру.

1.4. Конкурс пен Форум Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы), Елді дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі «Бюрократиядан арылту туралы» Жарлығын іске асыру шеңберінде өткізіледі.

1.5. Конкурстың мақсаттары:

1.5.1. Өз қызметінде жобалық менеджменттің әдістері мен құралдарын белсенді енгізетін және қолданатын мемлекеттік органдарды, квазимемлекеттік сектор ұйымдарын, үкіметтік емес ұйымдарды, шағын және орта бизнесті және жоғары оқу орындарын қолдау;

1.5.2. Жобаларды басқаруды жетілдіруде мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор ұйымдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, шағын және орта бизнес пен жоғары оқу орындарының коллаборациясы;

1.5.3. Конкурсқа қатысушыларды көшбасшылықты және жаңа құзыреттер мен дағдыларды дамытуға ынталандыру.

1.6. Конкурстың міндеттеріне мыналар жатады:

1.6.1. Қазақстанға жобалық басқарудың үздік әлемдік тәжірибелерін енгізу үшін ашық тәуелсіз платформа құру және елдегі көшбасшылардың оң тәжірибесін тарату (трансляциялау);

1.6.2. Мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдар, шағын және орта бизнес, жоғары оқу орындары және басқа да мүдделі тұлғалар арасында жобаларды тиімді басқару саласында қарым-қатынас жасау және тәжірибе алмасу үшін диалог алаңын құру;

1.6.3. Конкурсқа қатысуға мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор ұйымдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, шағын және орта бизнес пен

жоғары оқу орындарының кең ауқымын тарту;

1.6.4 Жобалық басқарудың қазіргі заманғы әдістерін енгізуге және мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор ұйымдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, шағын және орта бизнестің және жоғары оқу орындарының тиімділігін арттыруға ынталандыру;

1.6.5 Жобалар мен бағдарламаларды тиімді басқару тәжірибесін тарату;

1.6.6 ОМО/ЖАО-ның жобалық-бағдарланған тәсілге көшуі;

1.6.7 Мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор ұйымдарында, үкіметтік емес ұйымдарда, шағын және орта бизнес субъектілері мен жоғары оқу орындарында жобалау мәдениетінің пайда болуы және оның дамуы;

1.6.8 Жоба жетекшілері-көшбасшыларын анықтау, олардың қызметін талдау және олар туралы және олардың тәжірибесі туралы ақпарат тарату;

1.6.9 Заманауи құзыреттер мен дағдыларға оқыту бойынша шеберлік сыныптарын ұйымдастыру;

1.6.10 Конкурсты БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және т.б. ілгерілету.

2. Конкурстың мәртебесі

2.1. Конкурс Ұлттық Конкурс болып табылады және жыл сайын өткізіледі.

2.2. Конкурс ашық, жария болып табылады.

2.3. Конкурстың қорытындысы мен жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Алтын Сапа форумымен бірге салтанатты марапаттау рәсімінде өткізіледі.

3. Конкурстың форумы

3.1. Мәлімделген қатысушылар арасында жобалық менеджментті жетілдіру жөніндегі Конкурс Форум шеңберінде өткізіледі.

3.2. Форумның ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы (бұдан әрі – МБА) болып табылады.

3.3. Форумның бірінші күні Конкурс нәтижелері жарияланады және Конкурс жеңімпаздары өз жобаларын таныстырады, ал екінші күні - кәсіби жоба менеджерлері арасында әртүрлі тақырыптық талқылаулар, мастер-кластар мен көрмелер өткізіледі.

3.4. Финалистер шаблонға сәйкес презентацияны және 3 минуттан аспайтын бейнеролик дайындайды.

3.5. Форумды өткізу тәртібі туралы толық ақпарат Конкурстың веб-сайтында көрсетілген.

4. Конкурсты ұйымдастырушы

4.1. Конкурстың ұйымдастырушылары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен және МБА-мен бірлесіп Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі болып табылады.

4.2. Конкурсты ұйымдастырушылар өздеріне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

4.2.1. Конкурс туралы ақпаратты тарату;

4.2.2. Конкурса өтінімдер мен есептерді қабылдауды ұйымдастыру;

4.2.3. Қазылар алқасы мен кәсіби ассессорларды тарта отырып, Конкурса берілген есептерді тәуелсіз бағалауды ұйымдастыру;

4.2.4. Конкурсты өткізу барысы туралы мүдделі тұлғаларды хабардар ету;

4.2.5. Конкурсты өткізу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және Конкурс сайтында жариялауды қамтамасыз ету;

4.2.6. Қорытынды форумды қоса алғанда, Конкурстың барлық іс-шараларын ұйымдастыру;

4.2.7. Әдеп және кәсіби мінез-құлық кодексіне ассессорлардың, қазылар алқасы мүшелерінің және конкурсанттар ұсынған ақпаратқа қол жеткізе алатын басқа да тұлғалардың қол қоюын қамтамасыз ету.

4.3. Конкурс ұйымдастырушылары құқылы:

4.3.1. Есептерді бағалауға тартылатын ассессорлардың және қазылар алқасының құрамы туралы дербес шешім қабылдауға;

4.3.2. Конкурстың негізгі және арнайы номинациялары туралы шешім қабылдауға, Конкурстың номинацияларын толықтыруға;

4.3.3. Конкурстың қаржылық, әдістемелік, ақпараттық және басқа серіктестерін тартуға.

4.4. ҚР Жобалау менеджерлерінің одағы (бұдан әрі – Конкурс операторы) Конкурстың қаржы операторы болып табылады.

4.4.1. Конкурс операторы өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

4.4.2. Халықаралық қаржы ұйымдарынан техникалық көмек, демеушілік көмек және Конкурса қатысу үшін жарналар алу үшін қосалқы шот ашады.

4.4.3. Конкурса қатысушылармен және демеушілік ұйымдармен, сондай-ақ Конкурс шеңберінде тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен шарттар жасасады.

4.5. Жоба командасы мыналардан тұрады: басшы, ментор, әкімші, веб-әзірлеуші, дизайнер, видеограф, фотограф, монтажер, орыс тілінен қазақ тіліне аудармашы, орыс тілінен ағылшын тіліне аудармашы.

5. Конкурстың жұмыс органдары

5.1. Конкурстың жұмыс органдары:

5.1.1. Конкурстың Ұйымдастыру комитеті;

5.1.2. Конкурстың қазылар алқасы;

5.2. Конкурстың Ұйымдастыру комитеті Конкурсты ұйымдастырушының өкілдерінен, Конкурстың серіктестерінен және тартылған сарапшылардан құрылады.

5.3. Конкурсты Ұйымдастыру комитетінің төрағасы ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік басқару бөлімінің меңгерушісі болып табылады.

5.4. Конкурстың Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті):

- 5.4.1. Конкурсты дайындауға және өткізуге басшылық етеді;
- 5.4.2. Конкурсты өткізудің күнтізбелік жоспарын жасайды және бекітеді;
- 5.4.3. Конкурстың символикасын бекітеді;
- 5.4.4. Конкурсты қаржыландыру мәселелерін шешеді;
- 5.4.5. Конкурстық есептерді бағалау үшін ассессорлар командасын бекітеді;
- 5.4.6. Конкурстың қазылар алқасының жұмысын қамтамасыз етеді;
- 5.4.7. Конкурс жеңімпаздарын марапаттауды ұйымдастырады;
- 5.4.8. Конкурсты өткізуге байланысты өзге де мәселелерді шешеді.

5.5. Конкурстың қазылар алқасын Конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің, Ұлттық экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының, Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының, сарапшылар қоғамдастықтарының және Конкурс серіктестерінің өкілдерінен, Қазақстан мен шет елдердің сарапшыларынан, сондай-ақ жоғары оқу орындарының өкілдерінен жасақтайды.

5.6. Конкурстың қазылар алқасының төрағасы Конкурстың қазылар алқасының мүшелерінің құрамынан қарапайым тікелей дауыс беру арқылы таңдалады. Дауыстар тең болған жағдайда қазылар алқасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.7. Қазылар алқасының сандық құрамы 20 адамға дейін.

5.8. Конкурстың қазылар алқасы:

5.8.1. Тәуелсіз ассессорлардың есептері мен бағалары негізінде Конкурс жеңімпаздары туралы шешім қабылдайды;

5.8.2. Тәуелсіз ассессорлардың конкурстық жұмыстарды бағалау нәтижелерін 10%-дан аспайтын көлемде ұлғайту немесе азайту жағына қарай түзетуге құқығы бар;

5.8.3. Конкурстың қорытынды хаттамасын жасайды;

5.8.4. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысады;

5.9. Қазылар алқасының құрамы Конкурс сайтында жарияланады.

6. Конкурсқа қатысу шарттары

6.1. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, квазимемлекеттік сектор ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес өкілдері мен жоғары оқу орындары, сондай-ақ жобаларды тиісті бағыттарда іске асыратын және өз қызметінде жобалық басқару әдістері мен құралдарын пайдаланатын жоба менеджерлері Конкурсқа қатысушылар бола алады.

6.2. Конкурстағы номинацияға байланысты:

6.2.1. Нақты жобаларды немесе бағдарламаларды іске асыру нәтижелері;

6.2.2. Жоба жетекшілерінің жеке жетістіктері;

6.2.3. Үздік жобалық кеңселер бағалануы мүмкін.

7. Конкурсты өткізу мерзімдері мен кезеңдері

№	Іс-шара	Күні
1	Өтінімдерді жинау	1 маусым – 1 қыркүйек
2	Есептерді жинау	16 шілде – 1 қыркүйек
3	Ассессорлардың жеке бағалауы	1 қыркүйек – 15 қыркүйек
4	Ассессорлардың командалық бағалауы	15 қыркүйек – 1 қазан
5	Ассессорлардың конкурсқа қатысушылармен виртуалды сұхбаты	16 қазан – 1 қараша
6	Қазылар алқасының жұмысы	Қараша
7	Финалистердің презентациялары мен бейнероликтерін дайындау және жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне қатысуға дайындық	Қараша
8	Форумды және «Алтын Сапа» премиясында марапаттау рәсімін өткізу	Желтоқсан

8. Конкурсқа қатысу рәсімі

8.1. Қатысушының алдын ала өтінімі Конкурсқа қатысудың міндетті шарты болып табылады.

8.2. Өтінім беру тәртібі:

8.2.1. Қатысуға толтырылған өтінімдер Конкурстың сайтында көрсетілген адрес бойынша электрондық түрде жіберіледі.

8.3. Толтырылған есепке қаржы операторының есеп шотына аудару туралы төлем тапсырмасының көшірмесі қоса беріледі. Қатысу жарнасының мөлшері төменде келтірілген кесте бойынша анықталады. Қатысу мақсатында жарнаны аудару үшін деректемелер және жарнаны төлеу жөніндегі нұсқаулық Конкурстың сайтында орналастырылады.

8.4. Қатысу жарнасының мөлшері:

Санаты	Төлем мөлшері, теңге
Квазимемлекеттік сектор	100 000
Бизнес	100 000
ЖОО-ы	50 000

9. Конкурсты қаржыландыру

9.1. Конкурсты қаржыландыру халықаралық қаржы ұйымдарының техникалық көмегі, Конкурсқа қатысу жарналары және демеушілік көмек, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

9.2. Барлық тартылатын қаражат сметаға сәйкес жұмсалады және мынадай іс-шараларды қаржыландыруға жіберіледі:

- 9.2.1. Конкурс туралы ақпаратты орналастыру;
- 9.2.2. Конкурстың қажетті материалдарын әзірлеу, есептер дайындау және т.б.;
- 9.2.3. Конкурс сайтын құру және жүргізу;
- 9.2.4. Конкурстың онлайн платформасын құру және мазмұны бойынша Конкурсты ұйымдастырушының үстеме шығындарын төлеу;
- 9.2.5. Марапаттарды дайындау;
- 9.2.6. Пошта шығындары;
- 9.2.7. Салтанатты марапаттау рәсімін ұйымдастыру;
- 9.2.8. Конкурс өткізуге байланысты басқа да іс-шаралар.

10. Конкурстың номинациялары

- 10.1. Конкурс негізгі және арнайы жүлделерді қарастырады.
- 10.2. **Конкурстың негізгі номинациялары:**
 - 10.2.1. **«Жылдың үздік жобасы»:**
 - 10.2.1.1. «Орталық мемлекеттік органдар» санатында;
 - 10.2.1.2. «Жергілікті атқарушы органдар» санатында;
 - 10.2.1.3. «Квазимемлекеттік сектор» санатында;
 - 10.2.1.4. «Бизнес» санатында;
 - 10.2.1.5. «Үкіметтік емес ұйымдар» санатында;
 - 10.2.1.6. «ЖОО-ы» санатында.
 - 10.2.2. **«Жылдың үздік жоба менеджері»:**
 - 10.2.2.1. «Орталық мемлекеттік органдар» санатында;
 - 10.2.2.2. «Жергілікті атқарушы органдар» санатында
 - 10.2.2.3. «Квазимемлекеттік сектор» санатында;
 - 10.2.2.4. «Бизнес» санатында;
 - 10.2.2.5. «Үкіметтік емес ұйымдар» санатында;
 - 10.2.2.6. «ЖОО-ы» санатында.
 - 10.2.3. **«Жылдың үздік жобалық кеңсесі»:**
 - 10.2.3.1. «Орталық мемлекеттік органдар» санатында;
 - 10.2.3.2. «Жергілікті атқарушы органдар» санатында.
 - 10.2.3.3. «Квазимемлекеттік сектор» санатында;
 - 10.2.3.4. «Бизнес» санатында;
 - 10.2.3.5. «Үкіметтік емес ұйымдар» санатында;
 - 10.2.3.6. «ЖОО-ы» санатында.
- 10.3. **Негізгі номинациялар аясындағы арнайы сыйлықтар:**
 - 10.3.1. «Үздік РМ-тренер»;
 - 10.3.2. «Балаға мейірімді үздік жоба»;
 - 10.3.3. «Мемлекеттік аппараттың қызметін жетілдіру бойынша үздік жоба».
- 10.4. Конкурстың арнайы жүлделерін Конкурстың Ұйымдастыру комитеті жетекшілік ететін немесе ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін бөлінген номинацияны өткізуге мүдделі ұйымдармен бірлесіп қалыптастырады.
- 10.5. Ұйымдардың Конкурстың арнайы жүлдесін алуға қатысу шарттарын

Конкурстың Ұйымдастыру комитетімен келісу бойынша арнайы жүлделерді ұйымдастырушылар айқындайды.

10.6. Арнайы жүлделер тізімі мен Бағалау жөніндегі әдістемелік ұсыныстар Конкурстың сайтында жарияланады.

10.7. Негізгі номинациялар мен арнайы жүлделер бойынша бағалау тиісті бағалау әдістемесінің негізінде жүргізіледі, ол Конкурстың сайтында орналастырылады.

11. Конкурстың жеңімпаздарын анықтау үшін пайдаланылатын бағалау әдістемелері

11.1. Конкурс жеңімпаздарын анықтау үшін пайдаланылатын бағалау әдістемелерін МБЖМДО Конкурс серіктестерімен бірлесіп әзірледі.

11.2. Конкурста әрбір номинация үшін тиісті бағалау әдістемесі пайдаланылады. Арнайы жүлделерге арналған бағалау әдістемесінде салалық немесе өзге де ерекшеліктерді ескере отырып, қосымша бағалау критерийлері болуы мүмкін.

11.3. Бағалаудың барлық әдістемелері келесі стандарттар мен нормативтік құжаттардың талаптарын ескереді:

11.3.1. Жобалық басқару әдістері мен құралдары негізінде мемлекеттік жоспарлау жүйесі шеңберінде Мемлекеттік органдардың жобалық қызметін ұйымдастыру қағидалары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы «31» мамырдағы № 358 қаулысы);

11.3.2. ҚР Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 2 бұйрығымен бекітілген Жобалық басқарудың үлгілік регламенті;

11.3.3. ҚР СТ ISO 21500-2014 «Жобаларды басқару жөніндегі нұсқаулық»;

11.3.4. ҚР СТ ISO 21503-2018 «Бағдарламаларды басқару жөніндегі нұсқаулық»;

11.3.5. ҚР СТ ISO 21504-2016 «Жобалар портфельдерін басқару жөніндегі нұсқаулық»;

11.3.6. PMI PMBOK (PMI Project Management Body Of Knowledge v.6.0) жобаларды басқару бойынша білім жинағы, 6.0 нұсқа;

11.3.7. IPMA PEB (IPMA Project Excellence Baseline) жобалары мен бағдарламаларында артықшылыққа қол жеткізу үшін басқаруды жетілдіру негіздері;

11.3.8. IPMA ICB (IPMA Individual Competence Baseline v.4.0) жобаларын, бағдарламаларын және портфельдерін басқаруға арналған жеке құзыреттілік негіздері, 4.0 нұсқасы;

11.3.9. IPMA OCB (IPMA Organizational Competence Baseline) жобаларын, бағдарламаларын және портфельдерін басқару үшін ұйымдастырушылық құзыреттілік негіздері;

11.3.10. IPMA Agile Leadership стандарты (Икемді көшбасшылық нұсқаулығы);

11.3.11. GPM P5 жобаларын басқаруда тұрақты дамуды қамтамасыз ету стандарты, БҰҰ-мен бірлесіп әзірленген 2.0 нұсқасы (The P5 Standard for

Sustainability in Project Management v.2.0);

11.3.12. P2M (P2M – A Guidebook of Project and Program Management for Enterprise Innovation) кәсіпорнының инновациялары үшін жобалар мен бағдарламаларды басқару жөніндегі нұсқаулық;

11.3.13. PRINCE2 стандарты – бақыланатын ортадағы жобалар (PRINCE2 - PProjects IN Controlled Environments).

11.4. Әрбір бағаланатын позиция бойынша Бағалау әдістемесіне сәйкес балдар қойылады.

11.5. Бағалау әдістемесімен Конкурстың сайтында танысуға болады.

12. Конкурса қатысу үшін жұмыстарды қабылдауға және тіркеуге қойылатын талаптар

12.1. Конкурса өтінім мен есеп беру екі кезеңде жүргізіледі:

12.1.1. Өтінім беру;

12.1.2. Конкурс сайтында көрсетілген талаптарға сәйкес конкурса қатысушының есебін дайындау және ұсыну.

12.2. Конкурса қатысуға өтінімдер электрондық түрде Конкурстың сайтында көрсетілген адрес бойынша және мерзімде қабылданады.

12.3. Конкурса қатысуға өтінім нысаны мен есеп нысаны Конкурстың сайтында қолжетімді. Кез келген басқа нысанда берілген өтінімдер қабылданбайды және қаралмайды. Қатысуға өтінімді толтыру жөніндегі нұсқаулық Конкурстың сайтында орналастырылатын болады.

12.4. Берілген өтінімдер 5 күн мерзімде қаралады. Конкурса қатысушыға өтінімді қарау нәтижелері туралы ақпарат өзі көрсеткен электрондық пошта адресі арқылы хабарланады.

12.5. Егер өтінім осы Ереженің бөлімінде көрсетілген Конкурстың талаптарын қанағаттандырмаса, өтінім қабылданбау себебін көрсете отырып, қабылданбайды. Қабылданбаған өтінім ескертулер түзетілгеннен кейін 5 күн ішінде қайта жіберілуі мүмкін.

12.6. Бір мемлекеттік органның немесе ұйымның бірнеше номинацияға қатысуына жол беріледі.

12.7. Егер өтінім Конкурстың талаптарын қанағаттандырса, онда ол қабылданады. Бұл жағдайда конкурса қатысушы белгіленген мерзімдерге сәйкес (осы Ереженің 7-тармағы) Ұйымдастыру комитетінің атына Конкурстың сайтында орналастырылған талаптарға сәйкес дайындалған конкурстық есепті жіберуге тиіс. Конкурстық есеп Конкурстың сайтында көрсетілген адрес бойынша электрондық хатпен жіберіледі.

12.8. Егер конкурса қатысушы бірнеше номинацияға өтінім берген жағдайда, ол Ұйымдастыру комитетінің атына конкурстық есептердің тиісті санын жіберуге тиіс.

12.9. Қатысушылардың конкурстық есептері үшінші тұлғалардың меншік құқықтарын, авторлық, сабақтас, жеке, азаматтық, шарттық және өзге де құқықтарын бұзбауға, сондай-ақ олардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтірмеуге тиіс. Өзгеше белгіленбесе, конкурстық

есептерге барлық авторлық құқықтар оларды ұсынған конкурсқа қатысушыға тиесілі. Егер конкурстық есептің құрамында конкурсқа қатысушы құқық иеленушісі болып табылмайтын материалдар бар екені анықталған жағдайда, бұл материалдар заңды құқық иеленушінің бірінші талабы бойынша еркін қол жеткізуден дереу алынатын болады.

13. Конкурстың қорытындысын шығару. Конкурстың жеңімпаздарын марапаттау

13.1. Конкурстың қорытындысын шығару Форум жұмысы шеңберінде барлық мүдделі тараптардың қатысуымен өткізіледі.

13.2. Форумға қатысуға ОМО және ЖАО, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, коммерциялық және үкіметтік емес ұйымдардың, даму институттарының өкілдері, жоғары оқу орындарының өкілдері, оның ішінде Конкурсқа тікелей қатыспағандар шақырылады.

13.3. Форумды өткізу бағдарламасы Конкурстың сайтында жарияланады.

13.4. Конкурстың жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Президентінің қолы қойылған сертификаттар мен кубоктар алады.

13.5. Конкурсқа қатысушылар мен жеңімпаздардың Конкурсқа байланысты кез келген жарияланымдарға жариялау үшін Конкурстың логотипі мен ақпараттық материалдарын пайдалануға құқығы бар.

13.6. Қатысу тәртібін, сондай-ақ Форум мен Конкурстың онлайн платформасына қосылуға қойылатын техникалық талаптарды Конкурстың сайтында білуге болады.

14. Қорытынды ережелер

14.1. Конкурсқа қатысу және өткізу туралы сұрақтарға жауапты Конкурстың Ұйымдастыру комитетінің ақпараттық орталығынан алуға болады.

Байланыс деректері:

Ауданбай Гүлжан Жәнібекқызы,

тел.: 8 (7172) 75-34-87;

+7 700-216-86-97.

e-mail: qazpma2022@gmail.com.